

Л.М. Шаяхметова*, PhD докторанты

С.А. Азылканова, э.ғ.к., доцент

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

* - негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: liliya-shayahmetova@mail.ru

ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІН НЕГІЗДЕУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Қазіргі уақытта туризм қуатты әлемдік индустрияға айналды. Саланың экономикалық тиімділігін жоғарылату үшін турист пен турфирманың өзара әрекеттестігінің қағидаларын әзірлеу туризм индустриясындағы инвестициялық қызметті зерттейтін қазіргі ғылыми зерттеулердің аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Бұл мақалада туризм индустриясына салынатын инвестициялардың тиімділігін бағалаудың бұрыннан қолданылып келе жатқан әдістері зерттелген, сондай-ақ салыстыра талдаудың негізінде пайдалануға ең оңтайлы әдіс анықталған. Қойылған мақсатпен сәйкестікте, туризм индустриясындағы инвестициялық процестің ерекшеліктері анықталып, туризм индустриясына салынатын инвестициялардың тиімділігіне ықпал ететін факторлар белгіленген және туризм индустриясына салынатын инвестициялардың тиімділігін жоғарылату бойынша ұсыныстар әзірленген.

Туризм индустриясына салынатын инвестициялардың тиімділігін бағалаудың бұрыннан қолданылып келе жатқан әдістерін зерттеу барысында инвестициялардың тиімділігін есептеудің дисконттау процесін қолдануға негізделген, пайдалануға барынша оңтайлы әдісі анықталды, яғни дисконттық көбейтуді қолдану UNIDO әдістемесіне (Бизнес-жоспар жасау әдістемесі) негізделген. Бұл әдістеме әзірлеу барысында кез келген кәсіпорынның, оның ішінде туристік саладағы кәсіпорынның да ағымдағы немесе жоспарлы қызметіне сипаттама берудегі барлық маңызды сәттерді ескеруге мүмкіндік береді. Әдістеме кірістер мен нақты шығыстардың ағымдарына сипаттама беруге негізделген, бұл ретте олардың арасындағы айырма ақша ағымын білдіреді және оны дисконттық көбейткіштердің көмегімен түзетуге болады.

Кілт сөздер: туризм, туризм индустриясы, инвестициялар, инвестициялық қызмет, инвестицияларды тарту, тиімділік, туризмге инвестициялар, инвестициялық жоба, инвестицияларды бағалау әдістері, инвестицияларды өтеу мерзімі.

Ключевые слова: туризм, индустрия туризма, инвестиции, инвестиционная деятельность, привлечение инвестиций, эффективность, инвестиции в туризм, инвестиционный проект, методы оценки инвестиций, срок окупаемости инвестиций.

Keywords: tourism, tourism industry, investments, investment activities, attraction of investments, efficiency, investment in tourism, investment project, methods of investment appraisal, investment payback period.

Jel classification: C10, C80, L83

Кіріспе. XXI ғасырдың басындағы туризм қарқынды әрі динамикалы даму үстіндегі экономикалық қызмет түрлерінің бірі ретінде сипатталады. Бұл сала әлемдік жалпы өнімнің оннан бір бөлігін қамтамасыз етеді және жақындағы жылдар ішінде кәсіпкерлік қызметтің ең маңызды секторына айналуы мүмкін. Туризм қызмет түрлерінің ауқымды диапазонын қамтиды: экономикалық, әлеуметтік қызмет көрсету, туроператорлар мен турагенттердің қызметтері және т.б.

Қазіргі заманғы даму жағдайларында әр салада өндірістің жаңа жолдары мен әдістерін іздеу жүріп жатыр, қазіргі ахуалды талдау жүзеге асырылуда, болашаққа перспективалар көзделуде. Бұл процестер халықтың саяхаттауға деген қызығушылықтарын қанағаттандыру, оған тұрғындық үй-жай, тамақ, көлік, экскурсиялық қызмет көрсету және басқа сервисті ұсыну арқылы пайда табуға бағдарланған туристік салада да жүріп жатыр.

Туризмді өңірдің экономикасының аясында дамыту әсіресе өзекті, себебі дәл осы туризмнің көмегімен өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға болады. Туризм саласы 50-ге жуық шектес салаларды қолдайды және қосымша жұмыс орындарын тудырады. Туризмде бір ғана жұмыс орнын жасау өнеркәсіпке қарағанда 20 есе арзанға түседі. Кең мағынасында туристік салаға салааралық кешен деген анықтама беруге болады, ол өзіне көлік және туристік кәсіпорындарды, коммуналдық және қонақ үй шаруашылығы, капиталдық құрылыс кәсіпорындарын, тамақтандыру мен тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарын және басқаларын қамтиды. Туризм нарық механизмдерін іске асыру саласына, жергілікті бюджетті толтырудың маңызды көзіне айнала алады.

Осы жағдайларда өңірде туризмді дамытудың маңызды факторы аталмыш саладағы инвестициялық қызмет болып табылады, ол туристерге қызметтерді көрсету

жағдайларын жақсарту және саланың материалдық-техникалық базасын жаңарту мақсатында жүзеге асырылады.

Әдебиеттік шолу. Инвестицияның экономикалық тиімділігін бағалау практикасының теориясын дамытуға В.А. Воротилов [1], В.В. Ковалев [2], Е.М. Четыркин [3], Э.И. Крылов, В.М. Власова, В.А. Варфоломеева, Е.А. Кучарина [4], З.А. Борлакова [5], Н.К. Нурланова [6] сияқты ғалымдар баға жетпес үлестерін қосқан.

Сонымен бірге қазіргі кезде турфирма мен туристің өзара әрекеттестігінің тәртібі өзгергендіктен, ғылыми әдебиетте туристік маршруттардың экономикалық тиімділігін көтеру құралдары жете зерттелмеген. Осы 3 құралды зерделеу ойындар теориясын қолданумен байланысты – бір-бірімен өзара әрекеттестіктегі, мүдделері бір-біріне не қарама-қайшы келетін (кооперативтік емес ойындар), не сәйкес келетін (кооперативтік ойындар) екі (және одан көп) субъектілердің оңтайлы шешімдерді табу әдістері. Өз кезегінде турист пен турфирманың туристік маршруттың әртүрлі кезеңдеріндегі өзара әрекеттестігі динамикалық бағдарламалаудың көмегімен көпқадамдық процестің тиімділігін талдау міндетін қояды. Осылайша, бұл зерттеу кооперативтік және кооперативтік емес ойындар теориясының әдістерін қолданудың, сондай-ақ туристік саладағы динамикалық бағдарламалаудың теориялық және әдістемелік негіздерін әзірлеу арқылы туризмдегі инвестициялық шешімдердің тиімділігін бағалау әдіснамасын дамытады [7].

Туризм индустриясына салынатын инвестицияның өзіндік ерекшелігі бар, бұған бір жағынан қазіргі кезде әлем бойынша туристік қызметтер көлемінің артуы, екінші жағынан туризмдегі инвестициялық процестердің өзіне тән ерекшеліктері себеп болады.

Негізгі бөлім. Дүниежүзілік практикада инвестициялық салымдардың тиімділігін бағалаудың белгілі бір әдістері, олардың ішінде ең көп таралғаны екі бағыт бар: дисконттауға негізделген әдістер және

дисконттық көбейткіштерді есепке алмайтын әдістер.

Инвестициялардың тиімділігін бағалау әдістемесін негіздеу ақша салымдарын іске асыру кезеңіне байланысты кірістер мен шығыстардың динамикасына не нәтижелер мен шығындардың, оларға қол жеткізумен байланысты орташа жылдық көрсеткіштеріне сүйенеді. Сондықтан динамикалық әдістер де, статикалық (статика) әдістер де қолданылуы мүмкін.

Тиімділікті бағалаудың динамикалық әдістерін қолдану да ЮНИДО әдістемесінің көрсеткіштеріне негізделеді. Оларға жататындар:

- ағымдағы таза құн немесе келтірілген құн көрсеткіші *NPV* – Net Present Value;
- кірістіліктің ішкі түрлендірілген нормасының көрсеткіші *IRR* – Internal Rate of Return;
- рентабельділік индексінің көрсеткіші *PI* – Profitability Index;
- шығынның өтелуінің динамикалық

мерзімінің көрсеткіші.

Аталған барлық көрсеткіштер инвестициялардың тиімділігін бағалауға үлкен ықпалын тигізеді, алайда *NPV* (ағымдағы таза құн), есептеулерде басым маңызға ие, себебі бастапқы кезеңнің өзінде-ақ болашақ ақша ағымдары мен бүгінгі күнге дейінгі инвестициялық шығындардың арасындағы айырманы көрсетіп үлгереді. Шығынның өтелуінің динамикалық мерзімі де тиімділікті есептеуде өте маңызды. Оның көмегімен, салынған ақша құралдары таза ақша түсімдерінің есебінен толықтай ақталатын уақыт кезеңі белгіленеді. Бұл орайда, егер шығынның өтелуінің динамикалық мерзімі алдын ала белгіленген шамадан төмен болатын болса, инвестициялардың тиімділігі жоғары болады.

Туризмдегі инвестициялардың тиімділігін бағалауды іске асыру көптеген күрделі сәттерге, проблемаларға жолығады, дегенмен барынша объективті әдістер мен тиісті көрсеткіштерді таңдаудың негізінде оларды болдырмауға, не мейлінше азайтуға болады.



1-сурет. Инвестициялардың тиімділігін бағалаудың динамикалық әдістері*

*Авторлар құрастырған

Қазіргі уақытта инвестициялардың тиімділігін бағалайтын бірқатар әдіс-

тәсілдер бар, оларды туризм саласында да өте сәтті қолдануға болады (1-кесте).

Инвестициялардың тиімділігін бағалау әдістері*

Дисконттауды қамтымайтын әдістер	Дисконттауды қамтитын әдістер
Инвестициялардың өтелу мерзімдерін (инвестициялардың өтелу мерзімі) есептеуге негізделген әдіс	Келтірілген таза құн әдісі (ағымдағы таза құн әдісі – NPV)
Капиталға табыс нормаларын (капиталға табыс нормасы) анықтауға негізделген әдіс	Табыстың ішкі нормасы әдісі (IRR)
Cash-flow немесе ақша ағымының жиналған сальдосы деген атпен белгілі инвестициялық жобаны пайдаланған бүкіл мерзім ішіндегі кірістердің сомасы мен инвестициялық шығындардың (бір жолғы шығындар) арасындағы айырманы есептеуге негізделген әдіс	Инвестициялардың өтелуінің дисконтталған мерзімі
Өнімді өндіруге келтірілген шығынның салыстырмалы тиімділігі әдісі	Кірістілік индексі (рентабельділік – PI)
Табысты салыстыру негізінде капиталдық салымдардың нұсқаларын таңдау әдісі (табысты салыстыру әдісі)	Аннуитет әдісі

*Дереккөз: [8]

Өтелу мерзімі (PBP). Инвестициялардың өтелу мерзімін анықтау әдісі әлемдік практикада кеңінен таралған әрі ең қарапайым әдістердің бірі болып табылады. Егер кіріс жылдарға біркелкі бөлінсе, онда өтелу мерзімі бір жолғы шығындарды солар себепті кірген жылдық кірістің шамасына бөлу арқылы есептеледі. Бөлшек сан шыққан жағдайда, ол ең жуық бүтін санға дейін арту жағына қарай дөңгелектенеді. Егер табыс әркелкі бөлінсе, онда өтелу мерзімі инвестиция кумулятивті табыспен жабылатын жылдардың санын тікелей санау арқылы есептеледі. Тиімділікті бағалаған кезде өтелу мерзімі, әдетте, шектегіш ретінде ғана қаралады.

Көбіне жобаның өтелу мерзімі барынша дәл есептеледі, яғни жылдың бөлшек бөлігі болып саналады және ақша ағымдары әр жылдың ішінде біркелкі бөлінеді деп көзделеді.

Инвестициялардың өтелу мерзімінің көрсеткіші өте қарапайым есептеледі, сонымен бірге оның бірқатар кемшіліктері де бар, талдау барысында оларды ескеру қажет.

Сонымен бірге туризмге салынған ин-

вестициялардың тиімділігін бағалаған кезде, қателерді болдырмау үшін инвестициялардың өтелу мерзімін есептеуге негізделген әдіспен қатар, капиталға табыс нормасын анықтау әдісін де пайдалану керек.

Есептеу алгоритмі пайдалану тұрғысынан аса бір қиындық тудырмайды, сондықтан ол практикалық қызметте бәрінен гөрі көбірек қолданылады: инвестицияның тиімділік коэффициенті (ARR) орташа жылдық табыс (PN) пен инвестициялардың орташа шамасының қатынасы ретінде анықталады. Инвестициялардың орташа шамасы орта арифметикалық ретінде есептеледі, өйткені инвестицияларды жүзеге асыру мерзімі аяқталғаннан кейін, барлық капиталдық шығындар, әдетте, шығынға шығарылады; егер қалдық құн (RV) бар деп есептесек, онда оның бағасы есептеулерде ескерілуі тиіс.

ARR есептеу үшін мына формула қолданылады:

$$ARR = \frac{1}{2} \frac{PN}{IC + RV}$$

Жоғары табыс нормасына қол жеткізу негізгі капиталды ұдайы жаңартуды, әсіресе машиналар мен жабдықтарды қажет етеді. Туристік кәсіпорындарда, әсіресе туристік фирмаларда, компьютерлік бағдарламалық жабдықтауды уақытылы жаңартып отыру аса маңызды. Бұл негізгі өндіріс құралы цифрлық технологиялар болып табылатын компанияның табысты жұмыс істеуінің қажетті шарты болып табылады.

Инвестициялардың тиімділігін бағалаудың статикалық көрсеткіштері келесілерді қамтиды:

– алынған пайданың немесе кірістің есебінен инвестициялар толықтай өтелетін уақыт кезеңін көрсететін өтелу мерзімі; салынған ақша құралдарының қайту мерзімін көрсетеді (PP – Payback Period);

– салынған құралдардың қайтырылымын, яғни инвестицияланған құралдардың табыстылығын көрсететін қарапайым табыс нормасы (ROI – Return On Investment);

– алынған нәтиже мен белгілі бір уақыт кезеңі ішінде жүзеге асырылған инвестициялардың арасындағы айырманы көрсететін таза табыс (NV – Net Value).

Туризмдегі инвестициялардың тиімділігін бағалаудың атап өтілген статикалық әдістерінен бөлек, оларға туристік қызметтерді көрсетуге келтірілген шығындар минимумының салыстырмалы тиімділігі әдістерін де жатқызуға болады, бұл әсіресе шағын инвестициялық шығындар кезінде аздаған құралдарды орналастыруға тән. Инвестициялардың тиімділігін бағалаудың алынған табысты салыстыру жолымен инвестициялау нұсқаларын таңдауға негізделген және дәл солай «табыстарды салыстыру әдісі» деп аталатын әдісі де назар аударуға тұрарлық.

Осылайша, тиімділікті бағалаудың статикалық әдістері, есептеулердің қарапайымдылығы мен түсінуге жеңілдігімен қатар, бірқатар кемшіліктерге де ие, олардың ішінде туристік бизнестің ірі нысандарын салу үшін жарамайтын инвестициялаудың қысқа мерзімі, есептеулерде ақша құралдарының құ-

нын келтіру формулаларын пайдаланбау, сондай-ақ инвестициялық ағымдардың уақыт бойынша бөлінуінің әркелкілігі. Инвестициялардың тез арада өтелуін қамтамасыз ететін инвестициялық туристік жобалар ғана есепке алынады. Алайда бұл кемшілікті жеңіл жоюға болады, егер туристік кәсіпорынның басшылығы инвестициялық жобаны пайдаланудың жалпы ұзақтығы туралы ақпаратты білсе және дисконтталған ақша ағымын есептеулер инвестициялық жобаны пайдалану мерзімі аяқталғанға дейін жалғасатын болса.

Бұған қоса, инвестициялардың экономикалық тұрғыдан ақталған өтелу мерзімін анықтаудағы инвесторлардың субъективті тәсілін ешкім жоққа шығара қойған жоқ. Инвесторлардың бірі экономикалық тұрғыдан ақталған өтелу мерзімін бес жыл деп белгілеуді талап етуі мүмкін; басқа бір инвестор өтелу мерзімі үш жыл болған жағдайда ғана капиталдық салымдарды іске асыруға қаржы ресурстарын бөле алады.

Инвестициялардың тиімділігін бағалаудың динамикалық (дисконттауға негізделген) әдістеріне келетін болсақ, оларға келесілерді жатқызуға болады:

– келтірілген нәтижені (табысты) көрсететін, белгілі бір кезең ішіндегі жиынтық нәтиже мен шығындар сомасының ағымдағы құнының арасындағы айырма ретінде алынған дисконтталған таза табыс (NPV – Net Present Value);

– дисконтталған инвестициялар алынған нәтижемен жабылып болатын уақыт кезеңін көрсететін дисконтталған капиталдық салымдардың өтелу мерзімі (PP – Payback Period);

– инвестициялық шығындардың бірлігіне алынған түрлендірілетін нәтиженің деңгейін көрсететін рентабельділік индексі. Тиімділікті есептеудің осы әдісін қолдану инвестициялық ресурстар көлемі шектеулі болған жағдайда туризмге құралдарды салу нұсқаларын саралау кезінде тиімді болуы мүмкін (PI – Profitability Index);

– ішкі табыстылық нормасы, ол бастапқы және болашақ инвестициялардың келтірілген құнын теңдестіретін пайыздық мөлшерлемені ескере отырып, салынған құралдардың өзіндік табыстылығын көрсетеді

(IRR – Internal Rate of Return).

Есептеу формулаларының негізінде инвестициялардың тиімділігін бағалаудың әдістемелік тәсілдерін кесте түрінде ұсынуға болады (2-кесте).

2-кесте

Инвестициялардың тиімділігінің бағасын есептеу формулалары*

Көрсеткіштердің халықаралық интерпретациясы	Посткеңестік елдердегі белгіленуі	Жиі қолданылатын өзге де белгілер	Есептеу формулалары
NPV	ДТТ – Дисконтталған таза табыс	АТҚ – Ағымдағы таза құн; КТҚ – Келтірілген таза құн	$NPV = \sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+r)^t} - I_0,$ мұндағы: CF _t – t уақыт ішіндегі таза ақша ағымы; t – инвестициялаудың уақыттық кезеңі; n – инвестициялау кезеңдерінің саны; i – дисконттау мөлшерлемесі I ₀ – инвестициялар
IRR	ІТН – Ішкі табыстылық нормасы	ІРН – Ішкі рентабельділік нормасы	IRR = r, NPV = 0 болған жағдайда. Басқаша айтсақ: $0 = \sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+IRR)^t} - IC,$ мұндағы: CF _t – t уақыт ішіндегі таза ақша ағымы; IC – бастапқы инвестициялық шығындар
PI	РИ – Рентабельділік индексі;	ТИ – Табыстылық индексі	$PI = \frac{NPV}{IC} = \frac{\sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+r)^t}}{IC},$ мұндағы NPV – дисконтталған таза табыс; t – инвестициялаудың уақыттық кезеңі (жылы, айы және басқа); r – дисконттау мөлшерлемесі (%); CF _t – t уақыт ішіндегі таза ақша ағымы; IC – бастапқы инвестициялық шығындар
PP (инвестициялардың дисконтталған өтелу кезеңі)	По – Өтелу кезеңі	То – Өтелу мерзімі	$PP_{инв.} = \frac{IC}{CF_t}.$

*Авторлар құрастырған

ҚАЗАҚ ЭКОНОМИКА, ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАРШЫСЫ, 2021. – №1(42)

Кестеде көрсетілген көрсеткіштердің барлығы инвестициялардың тиімділігін бағалауға үлкен ықпал тигізгенімен, алайда NPV (ағымдағы таза құн), есептеулерде ба-сым маңызға ие, себебі бастапқы кезеңнің өзінде болашақ ақша ағымдары мен бүгінгі инвестициялық шығындардың арасындағы айырманы көрсетіп береді. Динамикалық өтелу мерзімі де тиімділікті есептеуде өте маңызды, себебі шығындарды табыспен жабу мерзімі көрінеді.

Негізгі тиімділік көрсеткіштерінің пост-кеңестік елдер мен халықаралық жүйелерде қабылданған интерпретацияларда айырмашылықтардың болуына қарамастан, есептеп шығару әдіснамасының базалық қағидалары бірдей деуге болады, сол себепті оларды экономикалық есептеулерде қолдану бағалау нәтижелерін бұрмаламауы тиіс.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, туристік сала компаниялары үшін барынша тартымды көмек түрі салықтағы және басқа да қаржылық жеңілдіктер болып табылады. Тасымалдау компаниялары, жеңілдіктерден бөлек, материалдық инфрақұрылымды дамытуға салынатын инвестицияларға және пайыздық мөлшерлемесі төмендетілген кредиттерге де мүдделі. Көрсету нысандары үшін ең тартымды көмек түрі гранттар мен субсидиялар болып табылады. Алайда көрсету нысандарының ерекшелігі олар кадрларды дайындаумен,

стратегияларды, шеберлік жоспарларын әзірлеумен және инвесторлармен жұмыс істеумен айналысатын құзырет орталықтарының құрылуына көбірек мүдделі болып табылады. Әлбетте, қазір көптеген өңірлік және шағын компанияларға (оның ішінде мұражайлар мен көңіл көтеру орталықтарына) қаржыны және туристердің ағымын тарту ауыр. Бұған саланың салыстырмалы түрде алғанда техникалық тұрғыдан артта қалуы және прогресшіл жас кадрлардың көрсету нысандарында жұмыс істеуге деген қызығушылығының төмендігі өз әсерін тигізуде.

Сұранысқа ие туристік бизнестің табыстылығы аса жоғары болуы мүмкін, бірақ ол қатты құбылуы ықтимал, әсіресе маусымдық курорттарда, одан бөлек көптеген басқа факторлар да өз ықпалын тигізеді. Бірақ экономиканың кез келген индустриясының өзіндік проблемалары болады, әлеуетті инвесторлар инвестициялық шешімдерді қабылдау барысында оларды міндетті түрде ескеруі тиіс, бұл мәселе туризмге де қатысты [9].

Туристік салаға инвестицияларды салу бүгінгі күні меншікті капиталыңды салу үшін перспективалы бағыт болып табылады. Осы мақалада қаралған барлық әдістерді назарға ала отырып, кез келген инвестор салынған құралдардан күтілетін экономикалық нәтижені еш қиындықсыз есептей алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Воротилов В.А. Эффективность производства в регионе: (Методол. планир., нормирования, управления) / Под ред. Н.Н. Ухова. – Л.: Наука, 1985. – 207 с.
2. Ковалев Ю.П. Туристские кластеры: теоретические и методологические вопросы формирования: Моногр. – Смоленск: НОУ ВПО СГУ, 2009. – 190 с.
3. Четыркин Е.М. Финансовый анализ производственных инвестиций: Учеб. пособие. – 3 изд., испр. – М.: Дело, 2002. – 255 с.
4. Крылов Э.И., Власова В.М. и др. Методологические вопросы оценки эффективности инновационно-инвестиционных проектов: Моногр. – СПб: СПбГУАП, 2016. – 449 с.
5. Борлакова З.А., Семенова Ф.З. Управление инвестициями в индустрии туризма: Моногр. – М.: Прометей, 2010. – 178 с.

6. Нурланова Н.К. Формирование и использование инвестиций в экономике Казахстана: стратегия и механизм: Моногр. – Алматы: Ғылым, 1998. – 240 с.
7. Свиридова Н.Д., Негода А.А. Инвестиционная деятельность как форма развития регионального туризма // Научный результат. Технологии бизнеса и сервиса. – Т. 6. – 2020. – №1. – С. 22-29.
8. Ковалев В.В. Методы оценки инвестиционных проектов. – М.: Финансы и статистика, 2008. – 144 с.
9. Shayakhmetova, L., Maidyrova, A., Moldazhanov, M. State Regulation of the Tourism Industry for Attracting International Investment // Journal of Environmental Management and Tourism. – Sep. 2020. – Vol. 11. – No. 6. – P. 1489-1495.

REFERENCES

1. Vorotilov V.A. Jeffektivnost' proizvodstva v regione: (Metodol. planir., normirovanija, upravlenija) / Pod red. N.N. Uhova. – L.: Nauka, 1985. – 207 s. [in Russian].
2. Kovalev Ju.P. Turistskie klastery: teoreticheskie i metodologicheskie voprosy formirovanija: Monogr. – Smolensk: NOU VPO SGU, 2009. – 190 s. [in Russian].
3. Chetyrkin E.M. Finansovyj analiz proizvodstvennyh investicij: Ucheb. posobie. – 3 izd., ispr. – М.: Delo, 2002. – 255 s. [in Russian].
4. Krylov Je.I., Vlasova V.M. i dr. Metodologicheskie voprosy ocenki jeffektivnosti innovacionno-investicionnyh proektov: Monogr. – St-Peterburg: SPbGUAP, 2016. – 449 s. [in Russian].
5. Borlakova Z.A., Semenova F.Z. Upravlenie investicijami v industrii turizma: monografija. – М.: Prometej, 2010. – 178 s. [in Russian].
6. Nurlanova N.K. Formirovanie i ispol'zovanie investicij v jekonomike Kazahstana: strategija i mehanizm: Monogr. – Алматы: Gylym, 1998. – 240 s. [in Russian].
7. Sviridova N.D., Negoda A.A. Investicionnaja dejatel'nost' kak forma razvitija regional'nogo turizma // Nauchnyj rezul'tat. Tehnologii biznesa i servisa. – Т. 6. – 2020. – No. 1. – S. 22-29 [in Russian].
8. Kovalev V.V. Metody ocenki investicionnyh proektov. – М.: Finansy i statistika, 2008. – 144 s. [in Russian].
9. Shayakhmetova, L., Maidyrova, A., Moldazhanov, M. State Regulation of the Tourism Industry for Attracting International Investment // Journal of Environmental Management and Tourism. – Sep. 2020. – Vol. 11. – No. 6. – P. 1489-1495.

Л.М. Шаяхметова, С.А. Азылканова

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ОБОСНОВАНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ИНВЕСТИЦИОННЫХ РЕШЕНИЙ В ИНДУСТРИЮ ТУРИЗМА

Аннотация

В наше время туризм является мощной мировой индустрией. Разработка правил взаимодействия туриста и турфирмы для максимизации экономической эффективности является одной из важнейших задач современных научных исследований инвестиционной деятельности в индустрии туризма.

В данной статье исследованы уже существующие методы оценки эффективности инвестиции в индустрию туризма, а также на основе сравнительного анализа определен наиболее оптимальный для использования метод. В соответствии с поставленной целью, определены особенности инвестиционного процесса в индустрии туризма, выявленные факторы, оказывающие влияние на

эффективность инвестиций в индустрию туризма и выработаны рекомендации по повышению эффективности инвестиций в индустрию туризма.

В ходе исследования существующих методов оценки эффективности инвестиции в индустрию туризма был определен наиболее оптимальный для использования метод расчета эффективности инвестиций, основанный на применении процесса дисконтирования, то есть применения дисконтного множителя на методике UNIDO (Методики составления бизнес-плана). Данная методика позволяет при разработке учесть все существенные моменты при характеристике, текущей или планируемой деятельности любого предприятия, в том числе и туристского. Методика основана на описании потоков доходов и реальных расходов, разность между которыми представляет собой денежный поток, который уже можно корректировать с помощью дисконтных множителей.

L. Shayakhmetova, S. Azykanova

**ECONOMIC ASPECTS OF SUBSTANTIATING THE EFFECTIVENESS
OF INVESTMENT DECISIONS IN THE TOURISM INDUSTRY**

Annotation

In our time, tourism is a powerful global industry. The development of rules for interaction between a tourist and a travel agency to maximize economic efficiency is one of the most important tasks of modern scientific research on investment activities in the tourism industry.

This article explores the already existing methods for assessing the effectiveness of investment in the tourism industry, and also on the basis of a comparative analysis, the most optimal method for use is determined. In accordance with this goal, the features of the investment process in the tourism industry are identified, the factors that influence the efficiency of investments in the tourism industry are identified, and recommendations are made to improve the efficiency of investments in the tourism industry.

In the course of researching existing methods for assessing the effectiveness of investment in the tourism industry, the most optimal method for calculating investment efficiency was determined, based on the application of the discounting process, that is, the use of a discount factor, based on the UNIDO methodology (Methodology for drawing up a business plan). This technique allows, when developing, to take into account all the essential points when characterizing, current or planned activities of any enterprise, including a tourist one. The methodology is based on the description of income streams and real expenses, the difference between which is a cash flow, which can already be adjusted using discount factors.

